

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай – балалар бақшасының
менгерушісі

«17» «10» 2022 жыл



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған «Балапан» кіші
тобының ұйымдастырылған іс әрекеттің перспективалық жоспары**

Тәрбиешілер: Мусаева Н

Бидаулетова П

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс әрекеттің перспективалық жоспары**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай –
балабақшасы МКҚК
«Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
01 қыркүйек 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға – солға), қолды кеуде тұсында айқастырып және екі жағына жазу, қолды шапалақтау: қолды алға, жоғары, жан – жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып, жұму, тізені түгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою: табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға – солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдарымен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан – жағына қарай еңкею. Міндеті: – жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық қимылды саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;– негізгі қимыл түрлерін дамыту;– салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.
	Көркем әдебиет	ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық

	білдіруге үйрету
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын жетілдіру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындату.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өлі және тірі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруды.
Сурет салу	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту; Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту.
Мүсіндеу	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.
Музыка	музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс әрекеттің перспективалық жоспары**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай –
балабақшасы МКҚК
«Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
1 қазан 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Міндеттері; Жалпы дамытушы жаттығуларды, қимылды ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; Негізгі қимыл түрлерін дамыту; Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. 1) педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту.
	Сөйлеуді дамыту	Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істеді? және тағы басқа) және бірте – бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) Сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциялы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын

	түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.
Көркем әдебиет	Дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру.; халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу.
Сенсорика	Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз-қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды.
Құрастыру	жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау;
Сурет салу	балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту.
Мүсіндеу	Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру.
Жапсыру	Фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру.
Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру: